



**Ғылыми кеңесші, PhD ғылыми атағы жоқ қауымдастырылған
профессор Акерке Шиынқуловна Амирханованың
PhD докторант Аида Архатқызы Ғазизованың «Азиялық жалбыз
(*Mentha asiatica* Boriss.) өсімдік шикізатынан дәрілік заттарды алудың
фармацевтикалық негіздемесі» тақырыбындағы диссертациялық
жұмысына берген**

ПІКІРІ

Қазақстан Республикасының фармацевтикалық ғылымының дамуы қазіргі таңда отандық дәрілік препараттардың тиімділігі мен қауіпсіздігін арттыруға, сондай-ақ жергілікті өсімдік шикізаты негізінде жаңа дәрілік түрлер әзірлеуге бағыттталып отыр. Осы тұрғыдан алғанда, Ғазизова Аида Архатқызының диссертациялық жұмысы жоғары ғылыми және практикалық маңызға ие.

Зерттеу барысында автор азия жалбызы (*Mentha asiatica* Boriss.) өсімдігінің экстрактын алу әдістерін салыстырмалы түрде зерттеп, айналымдық экстракция әдісін қолдану арқылы экстракттың оңтайлы технологиялық параметрлерін анықтаған. Алынған экстракттың сапалық және сандық құрамын, физика-химиялық және биологиялық қасиеттерін жан-жақты талдаған.

Диссертациялық жұмыстың нәтижесінде зерттеуші экстракт негізінде жаңа дәрілік түр – стоматологиялық пленка технологиясын жасап, оның құрамдық компоненттерінің өзара үйлесімділігін және фармакологиялық белсенділігін негіздеген. Автор дайын өнімнің тұрақтылығын, микробиологиялық тазалығын, антибактериялық және қабынуға қарсы белсенділігін зерттеу арқылы пленканың стоматологиялық тәжірибеде қолдануға жарамдылығын дәлелдеген.


Зерттеу нәтижелері жоғары ғылыми деңгейде орындалған, алынған деректер нақты және сенімді. Жұмыстың құрылымы қисынды, мазмұны диссертацияның мақсаты мен міндеттеріне толық сәйкес келеді.

Ғазизова Аида Архатқызы ғылыми зерттеу әдістерін жетік меңгерген, эксперименттік жұмысты жоғары дәлдікпен орындайтын, зерттеу нәтижелерін сыни тұрғыдан талдай білетін білікті жас ғалым ретінде ерекшеленеді.

Жалпы алғанда, диссертациялық жұмыс мазмұны, ғылыми жаңалығы мен практикалық маңыздылығы бойынша 8D07201 – «Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» мамандығының талаптарына толық сәйкес келеді.

Осыған орай, Ғазизова Аида Архатқызы PhD философия докторы ғылыми дәрежесін алуға әбден лайық деп есептеймін.

**Ғылыми кеңесші,
PhD, ғылыми атағы
жоқ қауымдастырылған
профессор**



А.Ш. Амирханова